**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айы 2023 жыл 1 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 04.12.2023 | Сейсенбі 05.12.2023ж | Сәрсенбі 06.12.2023ж | Бейсенбі 07.12.2023ж | Жұма 08.12.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу | Достар әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға көмектесіп бақылау. **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар** | Отбасы жайлы әңгіме **Сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағдылар** | Дидактикалық ойын: «Түстерді ата». Шарты: балалар кубиктерді алып орналастырады,олардың түстері қандай екенін атайды. **Танымдық дағдылар,математика негіздері** | Дидактикалық ойын: «Анасын табуға көмектес». Шарты: төрт-түлік малдың төлдерін анасының жанына орналастырады. **Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар,қоршаған ортамен танысу** | Музыка тыңдау шаттану. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға көмектесу. **Шығармашылық,әлеуметтік дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын | заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, | мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балалардың алған әсерлерімен бөлісуге | Өлеңдерді тыңдай білуге тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру;<br>қырлы тақтайдың бойымен тепе теңдік сақтап жүру;<br>допты<br>оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру<br>сызықтан секіру<br>Қимылды ойын:<br>Тырналар-тырналар<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау.<br>Шанамен бір-бірін сырғанату | **Музыка**<br>Музыка тыңдау:<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуге үйренеді, атайды | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>әртүрлі бағытта:«жыланша» жүру;<br>бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен тепе теңдік сақтап жүру;<br>допты кеуде тұсынан лақтыру;<br>тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Қоян мен қасқыр | **Қазақ тілі**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>әртүрлі бағытта:«жыланша» жүру;<br>тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру;<br>допты<br>оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру<br>Қимылды ойын:<br>Тышқандар мен мысық. |
| | Таныс кітаптардағы қыс мезігілінің суреттерін балалармен бірге қарау, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, бір бірінің пікірлерін тыңдауды | Кітаптан «Қар ханшайымы» ертегісін оқып беру. (жартысын түстен кейін оқу)<br>Суреттерін көрсету.<br>Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - | Топтың ішінен бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Әр түрлі ойын құралдарынан қамал | Ғажайып қоржын. ішінен әр түрлі заттарды аладырту. Оларды арнайы қораптарға саладырту негізінде. заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, | «Қар ханшайымы» ертегісі туралы не білетіндерін естеріне түсіру, мультфилімін көрсет+<br><br>у. Кейіпкерлердің іс |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жетілдіру.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Домалақ қар түйіршіктерін салуды жетілдіру<br>**(Сурет салу)** | антонимдерді енгізу. Суық жылы, қыс жаз.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br><br>Ермек саз кесектерін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы қар ханшаймының таяғын мүсіндету<br>**(Мүсіндеу)**<br><br>Ханшайымды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту.<br>**(Жапсыру)** | құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**(Құрастыру)** | аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен атауды жетілдіру.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br>**(Құрастыру)** | әрекетін сипаттауды үйрету.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша аққала немес қар түйіршіктерін ермексаздан жасату. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**(Мүсіндеу)** |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | | |
| **Серуен** | Қыс басындағы табиғаттағы өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру (күн қысқарады, түн ұзарады);<br>— Қыс мезгілінің | қыс мезгіліндегі бақшада болатын өзгерістермен таныстыру;<br>— зерттеу қызметіне деген қызығушылықта- | Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;<br>— Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы | - *Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;*<br>— *Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;*<br>— *әдемілікке деген* | — ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басындағы қысқа тән белгілерді көре білу және өлең жолдарынан таба білу.<br>—<br>— Бақылау барысы:<br>Көркем сөз<br>Желтоқсан - қыстың алғашқы айы. Қоңыр бұлт астынан күн әлсіз сығалайды. Сондықтан да қысты «тұнжыр қыс деп атайды». Күн қысқа, түн ұзақ, бұл айда күн көзі сирек көрінеді. Желтоқсанда түнде қатты аяз болады, өзендер мен көлдерде қалың мұз қатады.<br>Балаларға сұрақтар: *желтоқсан айы қай айдан соң келеді? қараша айына қарағанда балабақша ауласында қандай өзгерістер болды*?<br>Күз мезгілімен салыстырғанда адамдар киімінде қандай өзгерістер пайда болды?<br>Біздің ауладан қыс белгілерін іздеп табыңдар? | рын арттыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз .**<br>Далада қар болрайды,<br>Ақ мамыққа орайды.<br>Мұз болады қатады,<br>Жып-жылтыр болып жатады.<br>Аралайды бақшаны,<br>Үзілмейді жақсы әні.<br>Гүлденеді бақшалар,<br>Жауса-жаусын ақша қар.<br>Қыстың келуімен бақшалықта қандай өзгерістер пайда болды? ? *(барлық жерді қар басты.)* өсімдіктер үшін қардың қандай пайдасы бар? *(аяз бен желден сақтайтын «көрпе»)* бақшалықта қар көп болса, ол-жақсыма, жаман ба? *(жақсы, себебі жерде ылғал мол болады)* | түсініктерін қалыптастыру;<br>— құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз<br>Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Таспен атып торғайды,<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Құс өкпелеп кетеді,<br>Бақшамызға қонбайды.<br>Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? *(қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.)* Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? *(торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан,кептер)* | *сезімдерін тәрбиелеу.*<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркем сөз «Қыс»**<br>**Т. Молдағалиев**<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың<br><br>**Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды.**<br>♦Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады?<br>♦Аяқ астында қар неге сықырлайды?<br>♦Қар неге ұлпа болады?<br>♦Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсыңдар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.)<br><br>**Зерттеу жұмысы** | **Р.Сәбитұлы**<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br><br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>♦Күзде қандай болды?<br>♦Қазіргі бейнесі қандай?<br>♦Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру<br>**Еңбек**<br>Жолды қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу.<br>**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>*Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбек<br>Ағаштар түбін қармен көму..<br>*Мақсаты: тірі табиғатқа деген көмек көрсету ықыласын арттыруға тәрбиелеу..*<br>Қимылды ойындар: Қар лақтырып ойнау<br>*Мақсаты:* затты лақтыру дағдыларын бекіту.<br>Бір аяқпен секіру.<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға баулу.*<br>Жаттығу ойындары: Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: тепе-теңдікті сақтап қозғалыс жасағанда өз-өзін сақтандыруға үйрету***.** | Қар бақшалықтың барлық бөлігінде тегіс жата ма? *(жоқ, тегіс жерлерде бірыңғай болады, ал биік жерлер мен ылди жерлерде әртүрлі жиналады)*<br>Қар ғимарат жанында көп жинала ма, әлде орталықта ма? *(ғимарат жанында)* неліктен? *(соққан жел орталықтағы қарды ғимарат жанына ысырады.).*<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Бақшаның әртүрлі бөлігіндегі қар қалыңдығын қар өлшеуіш құралмен өлшеу..<br>**Еңбек:** қардан құрлыс тұрғызу<br>*Мақсаты: қардан әртүрлі денелер жасауға үйрету;*<br>—Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**Қимылды** | Торғайлар қыста немен коректенеді? *(дәндермен, қалдықтармен.)*<br>Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? *(қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.)*<br>Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. *(өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады)*<br>♦Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? *(себебі адамдар жанында азық көп болады)*<br>Торғай, торғай, торғайсың,<br>Жақын келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тере ғойғ<br>Сонда суыққа тоңбайсың.<br>Еңбек қызметі<br>Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. | Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br><br>**Еңбек:** өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>*Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту*<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Ыстық-суық».<br>*Мақсаты:* тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **ойындар:**<br>«Құ түлкі».<br>*Мақсаты: балаларды байқампаздыққа, алғырлыққа баулу, тапсырманы дұрыс орындауларын бақылау.* | *Мақсаты:* еңбекке деген ықыластарын арттыру.<br>Қимылды ойын «Нысанаға тигіз».<br>*Мақсаты: қашып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.* | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдenetін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына жасыру бойынша ойнату. **(Математика негіздері)**<br><br>Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. Қар түіршігінің мүсінін ермексаздан жасату **(Мүсіндеу)**<br><br>Фланелеграфқа қыс мезгілінің көрінісін бейнелейтін белгілерін жапсырту. **(Жапсыру)** | «Қар ханшайымы» ертегісінің жалғасын оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. **(Көркем әдебиет)**<br><br>Дөңгелек пішінді қарды бейнелеу. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. **(Сурет салу)** | «Қаладағы қыс»<br>Қыстың аппақ қаламы<br>Ағартыпты қаланы.<br>Аялап жүр аяз кеп,<br>Ауладағы баланы.<br>Соғып үлкен ақ қала,<br>Соған мәз боп, шаттана,<br>Асыр сап жүр аланда<br>Қар атысып топ бала<br>Өлеңді тыңдай білуге тәрбиелеу. Не туралы айтылғанын сұрау. Терезеден аққаланы көрсету. Аққала туралы не білетінін айтқызу. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br><br>Бірінші топ балаларына аққаланың мүсінін ермексаздан жасату екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп аққала жапсырады **(мүсіндеу, жапсыру)** | Ұжымдық жұмыс. Қыс мезгілі. Ақ қағазға бірнеше баладан бөлініп, дайын пішіндерді жапсырып, қардың суретін салу. **(сурет салу, жапсыру)**<br><br>Топтан әр түрлі заттарды тауып заттарды жұбымен өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыруды үйрету **(Математика негіздері)** | Қар ханшайымы ертегісіндегі Кай менГерданы фланелеграфқа орындарын тауып жапсыру. **(Жапсыру)**<br><br>Кай мен Гердаға әдемі үй құрастыру. **(Құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | .................. тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуды машықтандыру. | ............. бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету. | ................. өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру. | ................ тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуды үйрету. | ....................... тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Қармен әр түрлі құрылымдар құрастырту.<br>**(Құрастыру)**<br><br>Қ/о «Кім жылдам?» | Ауа райын бақылау, күннің кешке қарай суытатынын түсіндіру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Қ/о «Тырналар» | Қ/о «Поезд»<br>Далада қардың асытына, ағаштың түбіне әр түрлі заттар жасыру.<br>«Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату. | Қ/о «Кім жылдам?»<br>Көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру<br>**(музыка)** | Далаға шығып сәлден соң қараңғы болатынын айту.<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**(Математика негіздері)**<br>Қ/о «Тырналар» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Табиғи материалдарды қолдану<br>Қолғаптың суретін бейнелеу<br>**Сурет салу** | -Аққала түсі қандай? -ақ-Неден жасайды? -қардан-Аққала неше бөліктен тұрады? -Үш бөліктен тұрады.Қандай пішіндерге ұқсайды? -дөңгелек-Мұрнын, қолын неден жасайды? -Сәбізден, ағаштың бұтақтардан жасайды.-Өз қолымызбен | *Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру.*<br>***Құрастыру.*** | Тікен – тікен тік пісте,<br>Қысы – жазы бір түсте.<br>Ол не?(шырша) **Көркем әдебиет** | «Жаңа жыл» өлеңін тыңдау<br>Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>Жаңа жылда жаңа жыр!<br>Жасыл шырша жанында<br>Билеп барлық бала жүр.<br>Балалардан не туралы айтылғанын суретте не көріп тұрғандарын сұрау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аққаланы қамырдан жасайық. Балалар қонжыққа отырғызып аққала мүсіндейді **математика негіздері,мүсіндеу** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Психолог кеңесі. (Жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | Қықсы тұмау туралы кеңес |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоксан айы 2023 жыл 2 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 11.12.2023 | Сейсенбі 12.12.2023ж | Сәрсенбі 13.12.2023ж | Бейсенбі 14.12.2023ж | Жұма 15.12.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл күйімен карсы алу | Достарым әнімен карсы алу | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу | Үш түрлі смайликпен қарсы алу | Қонжықтың таңғы тілегімен карсы алу |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер) | Көңілді санамақтар «Санамақтар» Санауға деген қызығушылықтарын ояту **Танымдық дағдылар** | Біз суретшіміз» Кітап боямақтарын бояу, мозаикалармен және т.б. ойындар. Балалардың тату ойнауларын дамыту.**Шығa** | Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді.**Дене шынықтыру** | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Қ /о «Мекен мен балапандар» Ит мысық туралы не білетіндерін сұрап, пысықтау. **Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сан.** қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру | Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту Кеңістікті бағдарлау | **Геометриялық пішіндер** Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. | **Шама.** Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыруды үйрету | **Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: арқаннан ұстап жүру; қарқынды өзгертіп, жылдам | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: қол ұстасып жүру; бір-бірінен 10 сантиметр | **Музыка** Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяк, | **Қазақ тілі** Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: арқаннан ұстап жүру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; допты кеуде тұсынан лақтыру заттарды айналыпжәне заттардың арасымен еңбектеу Қимылды ойын: Өз түсіңді тап. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату | қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен тепе теңдік сақтап жүру; тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу | тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуге үйренеді, атайды | | секунд ішінде) жүгіру; допты кеуде тұсынан лақтыру заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу<br><br>Қимылды ойын: Өз түсіңді тап. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату |
| | Видео материал көру Қазақстан дегеніміз не? Сұрағына балалардың | Қазақстанды мекендейтін ерекше жануарлар туралы | «Менің қалам, балабақшам» тақырыбында әңгімелесу. Кітаптардан | Кітаптан балалардың сұраныстары бойынша ертегілер оқып беру. Көрген ертегілерінен кейін | Терезеге қарап қай мезгіл екенін қандай белгілері арқылы тануға болатынын атату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсінуін жетілдіру **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Ішінен көк түсті тану. Туда бейнеленген күнді салуды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Сурет салу)** | мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **(Қоршаған** | суреттер қарау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Фланелеграф тақтасына үйдің және балабақшаның заттарын тауып жапсырту. **(Жапсыру)** | балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Топтағы ойыншықтарды салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттардысалыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыруды үйрету **(математика негіздері)** | Қар мұз туралы не білетіндерін сұрау. Суреттермен даладағы табиғатты салыстыру. Кітаптардан қыста ойнап жүрген балалардың суретін көрсету. Қар түйіршіктерін нысанға лақтыруға болатынын айтып, доптарды себетке лақтырып ойнау. қағаздарды умаждап қар түйіршіктерін жасату. Оны да себетке дәлдеп лақтыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, құрастыру)** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құрылыс заттарынан күн бейнесін құрастыру **(Құрастыру)** | **ортамен таныстыру)** | | | | |
| **Екінші таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | | |
| **Серуен** | Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; 1. Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; 2. Табиғатқа | Ағаштар туралы білімдерін бекіту; Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **«Ағаштар»** | Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). Бақылау барысы<br><br>Көркем сөз Құстар қыста тоңады Ө. Ақыпбеков Мақсаты: | өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** **Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. | көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу; —үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Балалармен әңгімелесу өткізу.** ♦ сендер қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік терін арттыру<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>♦Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>♦Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады?<br>♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?<br><br>Еңбек | **М.Әлімбаев**<br>Қысында да шырайлы,<br>Жасыл шырша ұнайды.<br>Түні бойы жауды қар,<br>Салбырады сәнді тал.<br>Тау баурайы төменде,<br>Өседі жас емендер.<br>Ауыл сәні терек,<br>Терек егу керек.<br>Сырғалы қайың, ақ қайың,<br>Баптайын, күтіп, сақтайын.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, | Құстар қыста тоңады,<br>Жоқ киетін ішігі.<br>Желде қатты соғады,<br>Қарды көзге ұшырып.<br>Қалатындай қайта ұшпай,<br>Ұя тапса шаттанып.<br>Жем іздейді байғұстар,<br>Қардың астын ақтарып.<br>Балаларға сұрақтар:<br>* Балалар, сендер қарғаның қалай дыбыстайтынын білесіңдер ме? (қар...қар).<br>* Қарғаның түсі қандай?<br>* Оның басқа құстардан қандай айырмашылығы бар?<br>* Иә, қарға қыстап қалатын құс. Ол | Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>**Баларға сұрақтар**<br>♦Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>♦Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>♦Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>♦Жел қалай пайда болады?<br>♦ *Тәрбиеші түсіндіреді:* ***Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа*** | көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер?<br>♦Автобустар тоқтайтын жер қалай аталады? *( аялдама.)*<br>♦Аялдамаға автобустардан басқа тағы қандай көліктер тоқтайды? *(Маршруттар, таксилер.)*<br>♦Автобусқа қай есіктен міну керек? *(алдыңғы)*<br>♦Қай есіктен шығу керек?? *(артқы)*<br>♦Автобустың қай жағынан айналып өту керек? *(арт жағынан)*<br>♦Неге? *(жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді)*<br>♦Сен автобуста |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>*Мақсаты:*<br>— бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>— еңбексүйгі штікке тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Екі аяз»<br>*Мақсаты жүкіруге жаттықтыру*;<br>—Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау | қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>♦Ағаштар не үшін керек?<br>♦Ол адамға не береді?<br>♦Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>♦Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан | көбіне ағаштың басына шығып, айналаны бақылап отырады. Қарғаның мамығы қалың, тұмсығы мықты болады. Қарғалар ешқандай тамақ талғамайды, көзіне түскендердің бәрін: дәндерді, тұқымдарды, жәндіктер мен құрттарды, тіпті ұсақ жәндіктер мен құстарды да жейді.<br>Еңбек Аланды қардан тазалау.<br>*Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу*<br>Қимылды ойын: «Бәйге».<br>*Мақсаты: жүкіру жылдамдығын, ептілігін,* | ***төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.***<br>**Еңбек**<br>Сырғанақ төбешік соғу<br>*Мақсаты:* бір-біріне деген жағымды көзқараста болуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «ең мерген кім?».<br>*Мақсаты:*<br>—Заттарды лақтыруға жаттықтыру;<br>—Көзбен мөлшерлей білулерін дамыту.<br>— «Ағаш суретін сал».<br>*Мақсаты:қар бетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.* | келе жатырсың. Бос орындар жоқ. Автобусқа карт кісі мінді. Сен не істейсің? Неге?<br>♦Жолдан қалай өту керек? *(асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек)*<br>♦Бағдаршамның қай түсінде өту керек? *(жасыл)*<br>**Еңбек:** Аула тазалаушыға көмектесу.<br>*Мақсаты:еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға баулу.*<br>**Қимылды ойын** «Жүргізушілер және жаяулар». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер?<br>♦Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады?<br>♦Ағаштардың бір- бірінен қандай айырмашылықтары болады?<br>**Зерттеу жұмысы:** Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көріністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды | *қызығушылығын дамыту.* | | — *Мақсаты: Жолда жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу*<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты: 20 см биіктікке секіру дағдыларын бекіту..* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасайды.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптеріне қар үю.<br>*Мақсаты:* ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>**Қимылды ойын**<br>«Аулада қандай ағаштар өседі?».<br>*Мақсаты:*<br>—Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау;<br>—Сөздік қорларын байыту;<br>—Табиғатқа қамқорлықпен қарауға | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тәрбиелеу.<br>**Жаттығу ойындары**<br>Қозғалыстарын дамыту:<br>Аңдар биі<br>Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>Туды көрсету оның көлемі түсі пішіні туралы айту. «Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату. (математика негіздері)<br><br>Күннің мүсінін жасату. (Мүсіндеу)</td><td>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы жануарлардың суреттерін бояту, тұзды</td><td>Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету (Құрастыру)<br><br>Ермексаздан ағаштың мүсінін жасату. Ағаштардың</td><td>Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу Ермексаздан жануарлар жасап орманға орналастыру. Менің Қазақстаным тақырыбында композицияны фланелеграфта жапсырту (Мүсіндеу) (Жапсыру)</td><td>Бүгінгі ойнаған ойындары ұнады ма сұрау. Ермексазбен қар түйіршіктерін жасау. Карандаштармен суретін салу. (сурет салу, мүсіндеу)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көк параққа күнді жапсыру. **(Жапсыру)** | қамырды пайдаланып жануар мүсінін жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден жануарларды жапсырту. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | суретін бояту. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ............... сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін ұстауға үйрету | ............ алақанға салып тік және дөңгелетіп үйрету; -ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты пайдалануға үйрету | ............. балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратуға және атауға үйрету | .................. оюның бөліктері туралы ұғымдарға ие; -кескішпен түрлі безендірулер жасап үйрету | .................. мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерту; -қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдап үйрету. |

<table>
<tr><td>Серуенге дайындық</td><td colspan="5">Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</td></tr>
<tr><td>Серуен</td><td>Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мумкіндік беру. Еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр</td><td>Құрастыру ойыншықтары нан карапайым құрылыстар құрстырғызу. (құрастыру) Қ/о: Тырналар-тырналар</td><td>Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық</td><td>Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. (музыка) Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»</td><td>Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу</td></tr>
<tr><td>Серуеннен оралу</td><td colspan="5">Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</td></tr>
<tr><td>Кешкі ас</td><td colspan="5">Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті</td><td>Отан туралы қандай макал-мәтел білесіңдер ме?<br>1.«Отан</td><td>Қазақстан туралы видеоролик Қоршаған ортамен</td><td>Дидактикалық ойын: «Өз бас киіміңді тап!»<br>-Қандай ғажап, ажарлы аса көркем,</td><td>1ші топ тудың суретін бояйды<br>2ші топ бәйтеректің суретін жабыстырады<br>3ші топ киіз үйдің</td><td>Арқан тартыс(Дене шынықтыру)<br>Міндеті: Қазақтың ұлттық ойындарын жүргізу,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отбасынан басталады»(Қуаныш).<br>2.«Жері байдың-елі бай»(Ануар).<br>3.«Отансыз адам-ормансыз бұл-бұл»(Расул).<br>4.«Отан ұшінотқа түс күймейсің»(Аяулым)Көркем әдебиет | **танысу** Шығармашылық жұмыс Рәміздер жайлы **құрастыру,сурет салу,жапсыру** | Қазақстан-арайлы, туған өлкем. Одақта осынау ұлысы кең, Достығымыз жарасып жайнаған өркен. **Көркем әдебиет** | суретін құрастырады . **(Жапсыру әрекеті, сурет салу әрекеті, құрастыру әрекеті)** | арқан тартыс ойыны арқылы балаларға қазақтың салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын, туған елге, жерге, өз отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айы 2023 жыл 3 апта**

Бекітемін ...

| Күн тәртібі | | Сейсенбі 19.12.2023 | Сәрсенбі 20.12.2023ж | Бейсенбі 21.12.2023ж | Жұма 22.12.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Әсем әуенмен қарсы алу | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | «Тазалық – денсаулық кепілі» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам. **Коммуникативтік дағдылар** | Саусақ ойыны «Кірпі» Момақанмын алайда Тікенім көп абайла Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме, жарайма **Коммуникативтік дағдылар** | «Тазалық –денсаулық кепілі» Таза бала мұнтаздай Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай Жақсы көрер бар адам. **Коммуникативтік дағдылар** | «Біз шынығамыз» Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне, біздер қандаймыз ! **Коммуникативтік дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертенгі жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: цилиндрлер, ушбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету. | Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. | Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. | Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | | **Музыка «Музыкалық аспаптар дүкені»** Балаларға арналған музыкалық аспаптардың дауыс тембрін ажыратуға үйрету. Аспаптарда өз еріктерінше ойнауға, шығармашылыққа баулу. | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жыланша арқаннан ұстап жүру; тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; заттарды айналып және заттардың | **Қазақ тілі** Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру; тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; 4-6 метр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | арасымен еңбектеу; бір-бірінің жанына сапқа тұру Қимылды ойын: Күміс алу Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: биік емес төбеден сырғанау | | қашықтыққа тура бағытта еңбектеу; бір-бірінің жанына сапқа тұру Қимылды ойын: Торғайлар мен автомобиль |
| | | Балалар, ауырғанда дәрі беретін, емдейтін апайлар мен ағайларды дәрігер деп атайды. Дәрігер мамандыққа жатады **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>-Балалар, біреу есік қағып тұрған сияқты. Кәне, кім екенін көрейік. Балаларға ой тастау. Тәрбиешінің көмегімен айтып береді. Қызығушылықпен | Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының **(суретін салу және жапсыру, мүсіндеу)** жұмыстарын орындату<br><br>Үй жануарлары мен жабайы жануарлар | Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту ла-ла-ла Арман жақсы бала, қа-қа-қаБақылдайды бақа. Тіл ұстарту жаттығуын жасату **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Қуыршақтармен ойын. Әлдилеу, тамақтандыру, ұйықтату. Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе | «Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау.Қоржындағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржыннан алған ойыншықтың сыңарын тапқызу. Сол ойыншыққа байланысты өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарайды.<br><br>Балабақшаның медбике апайы Әлия кіреді. - Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін мен сендерге дәрігер мамандығының жұмысын көрсетіп, дәрігерге қажетті құралдармен таныстырамын. Бұл қораптың ішінде дәрігерге қажетті құралдар бар. Бұл құралмен ауырған адамның өкпесін тыңдаймыз. (әр құралға жеке- жеке тоқталып көрсетеді, балаларды тыңдап қарайды) Ал бұл құралмен қызу өлшейміз. Тамағын қараймыз. Егер ауырған болса мынадай дәрілер беріп, екпе | ойыншықтарын тамашалау. Қандай ойындар ойнауға болатынын сұрау. Дауыстарынан тану. Еркін ойындар ұйымдастыру. **(сөйлеуді дамыту)** | ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту. **(сурет салу, мүсіндеу).** | **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасаймыз. -Ал, балалар, мен қайтайын, келесі топтардың балаларын да қарап келейін. -Балалар, кейде сендер үйде ауырып қалсаңдар аналарың дәрігерді үйге шақырады. Сонда олар үйге қандай машинамен келеді? -Дұрыс, «Жедел жәрдем» машинасымен келеді екен. -Балалар, тыңдаңдаршы, қандай машинаның даусы? -Дұрыс, «Жедел жәрдем» машинасының даусы екен.Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | | Бақылау: Ауа | Бақылау: Ауа | Бақылау: Жауған | Бақылау: Қыстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау.<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.<br>Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу. | райындағы өзгерістерді бақылау, қарды бақылау.<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.<br>Қимылды ойын: «Алдар көсе»<br>Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.<br>Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу. | қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ)<br>Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Санамақтар айту.<br>Жаттау жаттату:<br>Аппақ көше, бар дала<br>Аппақ ой мен қыраттар<br>Ақ шатырлы қар қала<br>Ақ жамылып тұр бақтар<br>Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу. | қалған құстарды бақылау (қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ қарға, көгершін)<br>Еңбек: Құстарға жем шашу, қамқорлыққа алу.<br>Жеке жұмыс:<br>Тікен – тікен тік пісте<br>Қысы – жазы бір түсте (Шырша)<br>Қимылды ойын: «Аю мен құлпынай», «Өз үйіңді тап»<br>Өзіндік іс – әрекет: Балаларды зейінді болуға үйрету. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ | | | | |

| | |
|---|---|
| | киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>**(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | | Дәрігерге баратын жолды сызып көрсет»нейрожаттығу **математика негіздері** «Дәрігер» мазмұнды- рөлдік ойынын ойнау. Әр тапсырманы түсіндіреді, ойынның ережесін айтады | Балабақша ауласында мекендейтін жануарлар туралы айту, көрсету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау **(Математика негіздері)** | Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)** Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық**(көркем әдебиет, музыка)** Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. **(құрастыру)** Еркін іс әрекеттер | Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Фланелеграфта сүйікті ойын құралдарын жапсырту. Ойыншықтарының суретін бояту**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Балаларға сурет бойынша рәміздер туралы үйрету | ................ сурет салу кезінде қарындашты, фломастерді, қылқаламды қолында еркін | ................ алақанға салып тік және дөңгелетіп есе біледі; -ұқыпты жұмыс жасай алады: желімнің | ................ айналасындағы заттардың міндеттерін үйрету; -табиғат бұрышының |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ұстай біледі | қалдықтарын сүртуге майлықты пайдаланады.<br>-балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды | тіршілік иелеріне қамқорлық танытып үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | | | Бүгінгі ауа райына байланысты көңіл күйлері жайлы әңгімелесу<br>Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр» | Қ/о «Торғайлар мен автомобиль»<br>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Білетін тақпақтарын, әндерін қайталап айтуын пысықтау **(көркем әдебиет)**<br><br>Қ/О Құстардың ұшып келуі»<br>Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті** | | Дәрігердің құралдарын мүсіндеу,жапсыру,суретін салу,құрастыру **Шығармашылық дағдылар** | «Дәрігерге баратын жолды сызып көрсет»нейрожаттығу **математика негіздері** «Дәрігер» мазмұнды- рөлдік ойынын ойнау. Әр тапсырманы түсіндіреді, ойынның ережесін айтады **Сөйлеуді дамыту** **Дәрігердің құралдарын мүсіндеу,жапсыру, суретін салу,құрастыру** **Шығармашылық дағдылар** | Оқу құралдарымен таныстыру,қоршаған орта Қарындаштың бейнесін геометриялық пішіндерден құрастырып жасау,**математика негіздері** | Балалардың қалауы бойынша шығармашылық орталығында жұмыс |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Желтоқсан айы 2023 жыл 4 апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 25.12.2023 | Сейсенбі 26.12.2023ж | Сәрсенбі 27.12.2023ж | Бейсенбі 28.12.2023ж | Жұма 29.12.2023ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | Баланы алақан соғу арқылы қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Дидактикалық ойын «Достарыма қол ұшымды беремін» **Әлеуметтік дағдылар** | Дидактикалық ойын «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу **Әлеуметтік дағдылар.** | Дидактикалық ойын: «» геометриялық пішіндерді тауып, топтастыра білу. **Танымдық дағдылар** | Дидактикалық ойын: «Жануарлар қалай дыбыстайды» Жануарлардың дыбыстарын сала білу. **Коммуникативтік дағдылар** | Дидактикалык ойын Құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту. **Шығармашылық** |

<table>
<tr><td>Таңертеңгі жаттығу</td><td colspan="5">Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.</td><td>Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.</td><td>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару</td><td>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту</td><td>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td>Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>Дене шынықтыру<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: арқаннан ұстап жүру;</td><td>Музыка<br>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, бірге ән айтады. Әнді</td><td>Дене шынықтыру<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру;<br>бір-бірінен 10</td><td>Қазақ тілі<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше</td><td>Дене шынықтыру<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру;<br>қырлы тақтайдың</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру;<br>тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру;<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>Шыбыққа қалпақ кигізу<br>Қимылды ойын:<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау: биік емес төбеден сырғанау. | бірге бастап, бірге аяқтайды | сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың қырлы тақтайдың бойымен тепе теңдік сақтап жүру;<br>допты кеуде тұсынан лақтыру;<br>оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру<br>сызықтан секіру<br>Қимылды ойын:<br>Тышқандар мен мысық. | кітаптарды қарауға баулу | бойымен тепе теңдік сақтап жүру;<br>тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру;<br>тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру;<br>Қимылды ойын:<br>Өз түсіңді тап. |
| | Шыршаны көрсету. Ол қай мерекенің белгісі екені айту.<br>шыршадағы | «Шырша» әнін айтқызу.<br>Шыршаға қағаздан ойыншық | Жаңа жылдық сыйлық қорапшасын көрсету. Қай кезде қандай сыйлық | «Қай ертегіден» дидкатикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін | Жаңа жыл мерекесіне арналған ас мәзірі.<br>Балалардың сүйікті тағамдары туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтарды сипаттау, үйлерінде, тағы да басқа қай жерде шырша көргендерін сұрау. Шыршаның қасында тұрып, тақпақ, әндерін айтқызу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | жасату, оны ілу. Табиғи жаңғақтардан шыршаға ойыншық жасатып, ілу, сипаттау. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету. **(сөйлеуді дамыту, музыка, құрастыру, жапсыру)** | алды, қандай сыйлық алғысы келеді? Сыйлық қорапшасының ішінде не зат бар екенін табу, сипаттау. Зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды жетілдіру **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Қазақша оюларды бояп терезе жақтауларын сәндеу. **(сурет салу)**<br><br>Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап шырша құрастыруға көмектесу **(құрастыру)** | тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Жаңа жылға жаттаған тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуын жетілдіру. **(көркем әдебиет)**<br><br>Геометриялық пішін үшбұрышпен таныстыруды пысықтау, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Карточкалардан үш бұрышты табу ойынын ойнату. **(математика негіздері)** | сұрау. Ол тағамды кім жасайды, не үшін ұнататынын сұрау. Суреттердің бір бөлігін көріп, қай тағам екенін анықтауды жасату. **(көркем әдебиет)**<br><br>Ермексаздан дөңгелектер жасату. Қызғылт мандарин, сары банан, қызыл сары алма жасату. Оларды салыстыру, санату, **(математика негіздері және мүсіндеу)**<br><br>Мерекелік дастарханға арнап үстел құрастыру. Жасаған заттарын бетіне қоюн ұйымдастыру **(құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Екінші таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: Күннің қатты аяз соғып, суытуын бақылау. Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер үйрету: Қыс – қызыл, жаз – жасыл. Бір тал кессең, Он тал ек. Қимылды ойындар: Шанамен ойындар ойнау. Шаңғы тебуге үйрету. | Бақылау: Желдің соғу бағытын бақылау (желдің әсерін ағаштың қисаюі, қандай құбылысқа жататынын анықтау) Еңбек: Балалармен аулада қар күреу. Жеке жұмыс: Бір – бірімен тату ойнауға, сыйластыққа, жылы сөз айтуға үйрету. | Бақылау: Терезеге салған аяз өрнегін бақылау. Еңбек: Топта табиғат бұрышында балықтарды жемдеу. Жеке жұмыс: Қыс айларын жаттату (желтоқсан, қаңтар, ақпан) Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты» Өзіндік іс – әрекет: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету | Бақылау: Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау. Оларды атау. Еңбек: Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю. Жеке жұмыс: Ерқанатқа, Жангелдіге, Ерназарға еңбек түрлерін айтқызу (қар күреу, жем шашу, суару) Қимылды ойын: «Доп лақтыру» Өзіндік іс – әрекет: Артық, кем, қанша, болса сонша | Бақылау: Айнала қысқы еңбек жайында әңгімелеу, адамдар еңбегіне бақылау жасау. Еңбек: құстардың тіршілігін бақылау, оларға жем шашу. Жеке жұмыс: 1 – 2 құстың үлкендігін салыстырып, түрі, түсі немен қоректенетінін 5 – 6 баладан шеңбер жасап айтып әңгімелеу. Қимылды ойын: Шаңғымен жарыстырып ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қимылды ойын: «Допты домалат», «Кегли» Өзіндік іс – әрекет: спорттық ойын түрлерін ойнауға жаттықтыру. | | ұғымдарын қалыптастыру | ұйымдастыру. Өзіндік іс – әрекет: балалардың денсаулықтарын нағайтып, таза ауа жұтуға дағдыландыру. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>**(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</td></tr>
<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу.<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету</td></tr>
<tr><td>Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</td><td>Ұжымдық сурет салдырту.<br>Әр түрлі пішіндегі қар түйіршіктерін салу<br>(сурет салу)<br><br>Балалардың таңдауы бойынша қарды ермексаздан жасату.Фланелеграфқа мақтадан жасалған қар</td><td>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтауды: (үстінде-астында) меңгерту (Математика негіздері)</td><td>Шыршаға ойыншықтар жапсыруды ұйымдастырып. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүрту үшін майлықты қолдануды үйрету.</td><td>«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. (сөйлеуді дамыту)<br><br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. (сурет салу, мүсіндеу жапсыру)</td><td>Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.<br>(сөйлеуді дамыту)<br>Балалардың таңдауы бойынша тағамдардың суретін салып, дайын тағам пішіндерін жапсыру жұмыстарын</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұлпаларын жапсырту. **(мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>Құрастыру ойыншықтарымен еркін ойын, әр түрлі құрылымдар құрастырту. **(құрастыру)** | Кітаптар қарау, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. **(Көркем әдебиет)** | **(Жапсыру)**<br>Шырша ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту дағдысын дамыту(үлкен, кіші)<br>**(Математика негіздері)**<br><br>«Шырша» әнін тыңдату, балалардың таңдауы бойынша шырша ойыншығын мүсіндеу.<br>**(Мүсіндеу)** | | орындату **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ............ кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын үйрету;<br>-табиғаттағы өзін-өзі ұстау қарапайым | ............ айналасындағы заттардың міндеттерін біледі;<br>-табиғат бұрышының тіршілік | ................ Мәдени гигиеналық шараларды орындау | ................. жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын сақтауға үйрету | ................. өздігінен түрлі ойындар ойнауды, ойын ережелерін сақтай алуды үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережесін үйрету | иелеріне қамқорлық танытады | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. Жыл мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату. **(математика негіздері)** Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер | Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. Балалардың дербес әрекеттері | Кітаптан ертегі қарату. **(көркем әдебиет)** Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар | Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері | Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Үлкен аласа шыршаларды салыстыру,ажырату.**Математика негіздері** | Ұлттық ойындар ойнату Мағынасын түсіндіру **Дене шынықтыру** | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді. | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу |